

Ақтоғай ауданы аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 4589 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 1 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімінің 21.01.2016 № 1 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 4-бабының 5-тармағы 3) тармақшасына және 48-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылдық округінде табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің аудандық аумақтық кіші жүйесі қызметінің төтенше жағдай тәртібі енгізілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Ш.Ташеневке жүктелсін.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданы әкімі

С.Батырғұжинов